

АЗАМАТ ӘЛЕМІ

Кемеші атты кәсіп бар



кеменің көкірегіне соғып, тұзды тамшыларын бүркіп теңізшінің серпінді көңіліне ерікті рух ұялататын қасиетін аңсайды. Міне, сол теңізді шарлау үшін ескекті қайық, желкенді кеме керек. Ал бүгінгі таңда ең уәлі заманауи техникамен жабдықталып, құрастырылған қуаты мыңдаған жылқының күшін бір қозғалтқыш арқылы іске қоса алатын кеме жасаушы маман (инженер) керек. Кемені жасау үшін адам көкте қалықтағысы келіп тұратын, қанаттарын серпіген қыран секілді көздері алысты барлай алатын, зерек бағдаршыл болу керек.

Міне, осылай сипаттап жоғарыда суреттегендей адамның бірегейі - кеме жасау кәсібінің маманы Әбдіғали Қоянбай. Сөз бастауымыздың қисынын келтірсек, анасының аялы алақанынан алыстаған уақыты, жағасынан алыстаған Аралы сияқты 70 жылға жуықтапты. Ал шарлаған кеңістігіне келсек, сол жылдары жүріп өткен, іссапармен аралаған, саяхаттаған әлемі. Қайда жүрсе де теңізі жағалау бар елдерде болып, олардың кемелерін көру, тамашалау міндетті әдет-ғұрпына айналған. Кеме құрастыру ісін меңгерген, қазақ арасынан ілуде бір шыққан қасиетті Арал өңірінде туып-өскен азамат.

Бұлар данқты ағамыздың мінезін келсек, Арал теңізінің ағыны сағат тіліне қарама-қарсы жылжитыны сияқты, ой-пікірі бұрыннан қалыпты, ығыры шыққан тұжырымдарға кереғарлық танытып, өзінің қисыны күрделі жобаларын дәлелдеп шығады. Сонымен бірге Арал теңізінің тағы бір қасиеті - тереңдеген сайын түбіне қарай суы оттегіне байып отыратындай, Әбдіғали ағамызбен де әңгімелескен сайын маңызды, мәнді ой-қиялдарына бірге бойлап кетерің анық. Ал саналы ғұмырында өлең жазуды, сезімнің өлеңмен жеткізуді ғұрпына айналдыруы жайдан-жай емес. Балалық шағындағы туған жердің аппақ құмы су толқынына шайыла иірімделсе, теңізінің суы лекпи толқындаса, бұл табиғаттағы риф-

маньң көріністері. Міне, сондай ортада балалық шағы, балауса жеткіншек, бозбалалық дәурені өткен жігіттің ақын болмауы, арманшыл болмауы мүмкін емес.

Арал теңізінің тарихына келсек, деректерде келтірілгендей атаулары "Окскөлі", Каспийдің Сакшығанағы", "Хорезмкөлі", "Көктеңіз" сынды әртүрлі болғандығы да бүгінгі кейіпкеріміздің болмысына сайып келетіндей тенеуге лайық. Әбдіғали да өз ғұмырында әртүрлі мамандықтарды, әртүрлі кәсіпті жатырмамай, заман сұраныс-талабына сәйкес игеріп, бас білмейтін асауды үйреткендей алып кете беретін қасиетін білетін жұртшылық танданыспен тілдеріне тие кетеді. Ол ағаш ұстасы, ол - кеме құрастырушы, ол - инженер, ол - кеме қабылдаушы, жоба жетекшісі, ол - ақын.

Өткен еңбек жолына үнісек, Қоянбай Әбдіғали еңбек жолын Арал кеме жөндеу зауытында кеме балташысы болып бастады. Әскерден оралып, ол өзінің туған зауытында жұмысын жалғастырды, ол жерден Одесса теңіз инженерлері институтына жіберілді. Институтты бітіргеннен кейін роликті тіркемелерді шығаратын цехта мастер, жаңа техниканың инженері, кейін зауыттың техникалық бақылау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

Ол кейін Арал кеме жөндеу зауытында салынған Орталық Азия теңіз пароходствосының конструкторлық бюросында, Әмудария өзені бойымен доңғалақты көліктерді тасымалдауға арналған, 500 тонналық 553-ВМ баржасының жобасын жасауға қатысты.

Арал кеме жөндеу зауыты профилін өзгерткеннен кейін, 1988 жылы Алматы қаласына қоныс аударып, су көлігі саласындағы қызметін жалғастырды. Көлік министрлігінің "Казречфлот" аумақтық өндірістік бірлестігінде бас маман, бөлім бастығы, ал 1992 жылдан бас маман, кейін орталық аппаратта бөлім басшысы қызметтерін атқарған. Жаңадан құрылған Көлік министрлігінің басқармасы, Көлік және коммуникациялар министрлігінің

Теңіз және өзен Регистрінің қазақстандық сыныптау органының директоры және 1999 жылы аталған министрліктің Көліктік бақылау комитетінің су көлігіндегі бақылау басқармасының бастығы қызметіне ауыстырылды. 2002 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін бітіріп, мұнайшы тау-кен инженері біліктілігін алды.

2000 жылдары ол мұнай-газ саласында еңбек жолын жалғастырды, осы салада теңіз маманы ретінде жұмыс істеді, өйткені Каспий теңізіндегі мұнайшылар Қазақстан қайраңын әртүрлі кеме түрлерін пайдалана отырып игеруді бастады. Теңіз жобалары бөлімінің жоба жетекшісі, "Қазақ-ойл" ҰОК теңіз және жағалау инфрақұрылымы департаментінің бас менеджері, Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компаниінің теңіз жобалары бөлімінің конструктор-кеме жасаушысы болып, онда ол Қашаған үшін тұрғын үй баржалары, әмбебап кемелер құрылысына қатысты (мұзды қорғауға арналған баржалар, эвакуациялық баржалар, тұрғын үй баржаларына арналған спонсондар, "Нұр" және "Шапағат" (Швецияда салынған), мұзжарғыш "Тұлпар" (Норвегия), Ақтау қаласы, "Қазтеңізкөлік-флоты" ҰМСК АҚ, кеме жасау департаментінің директоры және тапсырыс берушінің өкілі (сыйымдылығы 12 000 тонна "Ақтау" танкері, сыйымдылығы 3 000 тонна баржалар Зеленодольск, Татарстан) жұмыс істеген.

Ағамыз Аралда 100-200 тонналық шағын кемелерден бастау алған мамандығын теңіз кетсе де жалғастырып, елімізде теңіз флотын құру ісіне атсалысып, Каспийдегі ең үлкен, 12000 тонналық мұнай таситын кемеге дейін қабылдап, осы бір қиындығы мен қызығы мол кәсіптің шыңына жеткендей.

Ә. Қоянбай "Су көлігі үздігі" белгісі иесі, өз мамандағы бойынша Ресейдің Москва, Санкт-Петербург қалаларында білімін арттырып, атақты ағылшындық Ллойд Регистрі мен Ресей Теңіз

Кеме қатынасы Регистрінің эксперт-аудиторы деген атақтарын алған Қазақстандағы алғаш маман. "Астананың 10 жылдығы құрметіне" арналған мерекелік медальмен, бірнеше рет Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазмұнайгаз" және басқа да өзі жұмыс істеген компаниялардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Мамандығына сай, өскелең ұрпаққа арнаған "Кеме құрылысы бойынша қазақша, орысша және ағылшынша сөздік" (2013 ж.) баспадан шығарып, ол Ақтау теңіз академиясында студенттерге білім беруге септігін тигізуде. 70 жасқа толуы құрметіне жақында ғана Қазақстан Энергетика министрлігінің "Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін" медалімен мадақталса, жақында, жаңа жыл қарсаңында Евразия көлік кешенінің көшбасшылары атты Н. Есенғарин Қорымен арнайы өткізілген "Магистраль Awards" байқауында су көлігінің "Кәсіби шебері" атағын жеңіп алды.

Ә.Қоянбай Ресей теңіз кеме қатынасы Регистрі мен Ресей өзен Регистрінің сапа жүйелері бойынша сарапшы-аудитор атағын алған қазақстандық жалғыз маман. Қазақстандағы кеме құрылысы туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тұңғыш сөздіктің авторы. Қазіргі таңда Әбдіғали Анарұлы осы биылға баспадан шығуға жоспарланған "Теңіз және өзен флоттары терминдерінің энциклопедиясы" жобасын жасап, шығармашылығын жалғастыруда.

Бүгінгі таңда да егемен еліміздің теңіз флоты саласында алғашқы жобалау-конструкторлық бюросын құруға мұрындық болып, мүдделі тараптардың сұраныстарына орай шақырылып, жұмысына топтардың жетекшісі ретінде, Оралдағы "Батыс ЭнергоПром" ЖШС-де бас конструкторлық бастығы лауазыма тағайындалып, бай тәжірибесін, білімін, біліктілігін ел мүддесіне пайдаланып, жұмысын жалғастыруда.

Ақылбай ҚҰЛЫМША.

ӨНЕГЕ

Иә, өмірлері өнермен ұштаса өрілген өнерлі отбасылар өмірде көп кездесе бермесі анық. Сондай аз отбасылардың бірі де бірегейі Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласында тұрады. Олар танымал Мұрат Сыдықовтар отбасы.

Сонау бір жылдары сауда саласында басшылықта көп жыл қызмет еткен Тілес Боқаев ағамыздың отбасында отырғанымызда күйеу баласы, Базар Қостаева апамыздың жұбайы Мұрат Сыдықов ағамыз бір өнегелі сөз бастаған еді. Ол:

-Сонау жастық шағымда, үлкен өмірге аяқ басқалы тұрғанымда, әкем маған бір шарт қойған. "Ал балам, үлкен өмірге аяқ басқалы тұрсың! Өмірде екі нәрседен қателесуге болмайды. Бірі - адал жар таңдау болса, екіншісі - жаның қалайтын мамандық таңдау. Адал жар таңдау - Құдайдың ісі, мамандық таңдау өз ісің!" деген.

Мен әкеме оның қалаған жүргізушілік мамандығын (шоферлікті) қаламайтынымды айтып, өзімнің жадыма жақын өнер жолын таңдайтынымды айттым.

Сонда әкем басын шайқап тұрып:

-Балам, өте ауыр жолды таңдап тұрсың. Өнер жолы - өте ауыр жол. Көп еңбекті қажет етеді. Атағың шыққанмен, тұрмыстан көп қағажу көресің. Сондай-ақ таңдаған жарың нардың жүгін көтере алатындай табанды болу керек. Ал, мен таңдаған шоферлық мамандығына аса көп басыңды қатырмайсың. Әрі тұрмысың да түзу болады,-деді.

(Расында да, ол кезде шофер аса қат, әрі ақшалы болатын.)

Әңгімені ұйып тыңдап отырған біздер одан әрі не болар екен деп әйтеley түстік.

-Мен үгіт-насихатқа қарамастан, өнерді таңдадым,-деп әңгімесін жалғай түсті Мұрат аға. -Расында да, тұрмыстың ауыртпалығын көре бастағанымда, Құдайыма түзу болған соң ба, көңілімдегі адал жарды Құдай берді. Базар Қостаева апаларың маған адал жар бола білді. Нардың жүгіндей өнерді бірге көтердік. Екеуіміз осы сасланың ыстығына күйдік, суығына тоңдық, ел араладық, талай жерде аралап, биік-биік сахналарда өнер көрсеттік. Ту-у-у, сонау Мәскеуде де қазақ халқының өнерін паш еттік. Сонда үнемі жанымда сенімді серігім - Базар апаларың демеп жүрді. Абыройлы болдық, құрметті

Өмірлері өнермен өрілген

болдық,-деді.

Біз өнерге шын берілген, адал махаббат иелері Мұрат ағамыз бен Базар апамызға аса риза болдық.

Сөйткен, Мұрат Сыдықов ағамыз биыл сексен беске толар шағында келместің кемесіне мініп, мәңгілік сапарына аттанып кетті.

Жақындағ яғни үстіміздегі жылдың 15 ақпан күні Арал қаласында үлкен бір мейрамханада қырық күндік садақасы өтті. Мен қайтыс болған күні де науқастанып, бара алмаған едім. Сол себепті осы жолғы садақасына қалай да баруым керек деп шештім. Науқастанып тұрсам да, Алла өзі жар болсын деп Аралға сапар шектім.

Мұрат ағамның 40 күндік асы "Сәтті" мейрамханасында болып жатыр екен. Базар апаға көңіл айтып, келіншегім екеуіміз стол

басына жайғастық. Отырған бойда жан-жағыма барлай қараймын. Өңкей Арал ауданының белді де, зиялы қауым өкілдері жиналыпты. Облыс орталығынан да, басқа алыс-жақын қалалардан да адамдар келген. Халық көп жиналыпта.

Бұрынғы экс-министр Құдайбергән Саржанов, бұрынғы экс-мелихаттың хатшысы Әнес Әуезов, ардагерлер Кішкене Айбосын-ов, Нұраш Оспанов, журналистер Жұмабай Жақыпов, Ерғали Абдулла, Нұрлан Көбеген, тағы басқа да белгілі азаматтар, сондай-ақ мәдениет саласындағы қызметкерлер отырды.

Әр столдан бір-екі адамнан сөз сөйлеп, марқұм Мөкен туралы, оның өміріндегі кездескен қызықтары туралы көптеген естеліктер айтты.

Естелік айтушылардың дені

Мұрат ағамның өнер жолындағы еңбектерін жинақтап, кітап етіп шығарып, келер ұрпаққа ұсынуы да баса айтты.

Сондай-ақ, сөз сөйлеушілер қаладағы саз мектебіне композитор, атакты күйші Мұрат Сыдықовтың атын беріп, сол арқылы жерлестерінің жүрегінде мәңгі сақтауды жөн деп санады.

Сол жерде мен де өз ойымды білдіріп, Мұрат аға туралы кішкене естеліктер айтайын деп едім, әл-дәрменім құрып, аяқ-қолым дірілдеп тұрған соң, тәуекел ете алмадым. Айтар ойымды, баспасөз арқылы білдіруді жөн санадым.

Осы кезде Мұрат Сыдықовтың "Аралды жоқтау" өні естілгендей болды.

Мұрат Сыдықов Аралды жоқтаса, біз Мұрат Сыдықовты жоқтадық.

Өмірлері өнермен өрілген жарасымды отбасына көңіл айтып, жұбату сөздер айттық.

Мұрат аға, жатқан жеріңіз жайлы болсын. Иманыңыз жолдасыңыз болсын! Сіздің өнердегі өлмес мұраларыңыз халқыңызбен мәңгілік бірге жасайды!

Нұрбай ЖҮСП.